



**Павлодар облысы аумағында шектеулі карантиндік шаралар  
туралы  
№24 ҚАУЛЫСЫ**  
(өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы)

**2021 жылғы «27» қазан**

**Павлодар қ.**

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» №360-VI ҚРЗ Кодексінің 38, 104-баптарының 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 24 қыркүйектегі № 44 Қаулысының 5-тармағының 3-тармақшасы негізінде, облыс аумағында COVID-19 коронавирусты инфекциясымен сырқаттану жағдайларының жалғасуына орай өңірде қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты,

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2021 жылғы 20 қыркүйектегі «Павлодар облысының аумағында карантиндік шектеу шаралары туралы» № 21 Қаулысына 2021 жылғы 29 қазаннан 12 қарашаға дейінгі мерзімге төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2-тармақ 2) тармақшамен толықтырылсын және келесідей редакцияда жазылсын:

**«2) «Ashyq» жобасына қатысатын келесі объектілердің жұмыс күндері жұмысына:**

- барлық типтегі қоғамдық тамақтандыру объектілері;
- сауда-ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, сауда желілері, азық-түлік емес дүкендер;
- сауналар, СПА-орталықтар;
- театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар;
- бильярд залдары; компьютер клубтары, PlayStation клубтарын қоса алғанда;
- боулинг; караоке;
- лотерея клубтары және лотереяларды өткізудің өзге де нүктелері; букмекерлік кеңселер жұмысына қызметкерлер мен келушілерде қауіпсіз «жасыл» мәртебе болған жағдайда сағат 00.00-ге дейінгі жұмыс режимімен (вакцинация, сынамаларды алу кезінен бастап 7 тәуліктен аспаған теріс нәтижемен ПТР тесті, тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар, соңғы 3 ай ішінде ауырып жазылған адамдар) рұқсат берілсін, «Ashyq» жобасының Қошбасшылары - сағат

02.00-ге дейін.

2. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы Қаулы 2021 жылдың 29 қазанында сағат 00:00 ден бастап 2021 жылдың 12 қарашасына сағат 00:00-ге дейінгі мерзіммен күшіне енеді.

**Павлодар облысының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігерінің м.а.**



**Г. Ақылбекова**